


Ең керемет уәде





**Бұл кітапша Құдайдың
Өзінің ең керемет уәдесін...
қалай орындағаны
жайлы айтады.**

Құдай сені сүйеді, Ол Өз уәделерін орындайды.

Құдай әлемді жаратқаннан бері
барлық адамдарды сүйуге және
оларды қамқорға алуға уәде еткен.

Кейде адамдар өз уәделерінде тұрмайды...
ал Құдай берген уәдесіне
берік болады!



Адамдар жаман істердің салдарынан берген уәделерінде тұра алмайды:

- Олар Құдайды ұмытып кетеді.
- Олар Құдайға бағынбайды.
- Олар бір – бірін ренжітеді.

Құдай біздің жасаған жаман істеріміздің салдарынан Онымен тығыз байланыста бола алмаймыз деген.

Күнә: Киелі кітап бойынша бұл Құдайдың айтқан сөздеріне, істеген жұмысына адамдардың бағынбауын білдіретін сөз.

«Бәрі де күнә (жаман істер) жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды».
(Римдіктерге 3:23)



Құдай Өз уәдесін Исаны жіберу арқылы орындады.

Құдай адамдарды сүю уәдесінен бас тартқан емес. Құдай адамдарды қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын Исаны дүниеге адамдармен бірге өмір сүруге және оларға Құдай Әкенің сүйіспеншілігін көрсетуге жіберді.

Иса дүниеге жас нәресте ретінде келді, азғана адамдар ғана Оның шынында кім екенін білді...

Ол – Құдайдың жалғыз рухани Ұлы, Құтқарушы.

Құтқарушы: Тек Иса ғана адамдарды жаман ойларынан, жаман сөздерінен және жаман істерінен, яғни күнәларынан құтқара алады.

«Құдай бізге деген сүйіспеншілігін былай көрсетті: Сол арқылы шынайы өмір сүруіміз үшін Құдай Өзінің жалғыз рухани Ұлын дүниеге жіберді».
(1 Жохан 4:9)



Иса ер жетіп, есейді.

Ол Өзімен бірге болған адамдардың бәріне
Құдай Әке жайында айтқан.

Иса адамдарға Құдайдың оларды сүю туралы
уәдесін айтқан.

Иса адамдарға Құдайды
және бір – бірін қалай
сүю қажет екенін көрсеткен.

**Иса әрқашан балаларға
көңіл бөлген.**

«Ал Иса балаларды
қасына шақырып алып:
— Балалардың Маған
келуіне жол беріңдер,
оларға кедергі жасамаңдар!
Құдай Патшалығы
сондайлар үшін».
(Лұқа 18:16)



Алайда көптеген адамдар Құдайды сүймеді, сондықтан олар Исаны өлтірді.

Иса оларға Өзін өлтіруге мүмкіндік берді, өйткені осы арқылы Ол барлық адамдардың жасаған жаман істерінің жазасын Өзінің мойнына алды.

Иса өлді.

Иса барлық адамдардың – сен және мен сияқты адамдардың – жасаған жаман істері кешірілу үшін және адамдардың әрқашан Құдаймен тығыз байланыста болулары үшін өлді.

Иса сені қатты сүйгендіктен, сен үшін өлді.

Кешіру: Жаман ойлар, жаман сөздер және жаман істер үшін біреуді кешіруге шешім қабылдау.

Сену: Бір нәрсеге үміт арту, не сенімді болу; сол сенімнің бойынша әрекет ету.

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады».
(Жохан 3:16)



Алайда Құдайдың уәдесі Исаның өлуімен аяқталған жоқ.
Уәденің ең басты бөлігі әлі орындалмаған еді!

Құдай Исаны өлімнен қайта тірілтті.
Иса көптеген адамдарға көрініп, Олармен сөйлесті.

Иса қайта тірілу

арқылы Өзінің Құдай екенін көрсетті.
Исада саған қателер жасамауға
көмектесетін күш бар. Ол саған
Құдай қалайтын жолмен өмір
сүруге көмектесе алады.

«Мен адамдар шынайы
өмірге ие болсын және
өмірі рухани игілікке
толы ағыл-тегіл мол
болсын деп келдім».
(Жохан 10:10)



Иса Құдаймен бірге болуға қайтып барды.

Кетер алдында Иса саған мынадай керемет уәделер беріп кетті...

- Иса Оны көре алмасаң да үнемі сенімен бірге болуға уәде берген.
- Иса сенің ең жақын досың болуға уәде еткен.
- Иса сен жасаған жаман істерің үшін сені кешіруге уәде еткен.
- Иса сенің жүрегіңде сүйіспеншілік не ауыртпалық, қуаныш не қайғы болса да сенімен бірге болуға уәде берген.
- Иса сен қайтыс болғанда Онымен бірге мәңгілік өмір сүретінің жайлы уәде берді.

Сен қазір Исаның сенімен тығыз байланыста болуың қалайсың ба?

«Мен әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!».
(Матай 28:20)

«Ешқашан жалғыз қалдырмаймын». (Еврейлерге 13:5)



Өз сөздеріңмен не мына мінажат арқылы

Құдаймен сөйлес...

«Құдай Ием,
мен Исаның Сенің рухани Ұлың екеніне сенемін.
Менің жаман істерім үшін Исаның айқыш ағашта
өлгені үшін рахмет айтамын. Өтінемін, менің
жаман істерімді кешірші. Исаның менімен тығыз
байланыста болуын сұраймын.
Менің Сен қалаған адам болуыма көмектесші.
Осы мінажатыма жауап бергенің үшін
Саған рахмет айтамын».

Осы мінажатпен қазір сиынуға дайынсың ба?

Құдайдың сені сүйетінін
ұмытпа және Исаның үнемі
сенімен бірге боламын деген
уәдесіне сен.

Мінажат: Құдаймен тыныштықта
не дауыстап сөйлесу.

«Оны қабылдап, Оған сенім
артқандардың бәрін (ер
және әйел адамдарды,
қыздар мен ұлдарды) Ол
Құдайдың рухани
балалары болуға құқықты
етті»
(Жохан 1:12)



Сен Құдайдан кешірім сұрағаныңда және Исаны
өзіңнің жүрегіңе қабылдағаныңда...

**Ол шынымен сенімен әрқашан тығыз
байланыста болады.**

Сен Оны көре алмасаң да, не өзіңді ерекше
сезінбесең де, Иса шынымен сенімен бірге!
Ол әрқашан сенімен бірге болуға уәде еткен...
Ол әрқашан Өз уәделеріне берік болады.

Әр күні Исаға сенімен
тығыз байланыста болғаны
үшін және жаңа өмір
бастауға көмектескені
үшін рахмет айт.

Сенім: Сезімдеріңе қарамай,
өзің түсінбейтін нәрсеге сену;
Құдайдың уәделеріне сену...
Құдайдың рухани Ұлына сену...

«Барлығың Иса Мәсіхке деген
сенімдерің арқылы Құдайдың
рухани баласысыңдар»
(Ғалаттықтарға 3:26)



Исаны жүрегіңе қабылдағаннан кейін де
сен

біреуді ренжітіп,
не өтірік айтып,
не тыңдамай, өзімшіл болуың мүмкін.

Қандай да қате жіберсең де
Құдаймен сол туралы сөйлес.

Сен ойлаған ойларыңның, не
айтқан сөздеріңнің және жасаған
істеріңнің Оған ұнамды
болмағанын мойында.

Құдайға сені кешіргені
үшін рахмет айт.

Мойындау: Құдайдың кім екені туралы
шындықты айту; өзіңнің ойың, сөзің
және ісің Құдайға ұнамды
болмағанымен келісу.

«Егерде күнәларымызды
мойындасақ, Құдай сенімді
де әділетті болғандықтан
оларды кешіріп, бізді
барлық әділетсіздігімізден
тазартады»
(1 Жохан 1:9).

**Құдай басқа да керемет уәделер берген.
Ол саған Исамен жаңа өмір бастауға
көмектесу жайлы уәде еткен.**



Құдайдың саған арнаған уәделерін білу үшін...
 ...осы кітапшадағы Киелі кітап аяттарын оқы.
 ...Иса туралы үйрететін жерлерге бар.
 ...Құдаймен әр күні сөйлес.


Иса туралы білгенің жайлы
 өз отбасыңмен және достарыңмен бөліс.
 Оларға осы кітапшаны оқып бер,
 олардың Құдайдан кешірім
 сұрауына көмектес.

Сенің көмегіңмен олар да
 Исаның өздерімен тығыз
 байланыста болуын
 сұрай алады.

Әрқашан Құдайдың
 уәделеріне сен...
 Ол айтқан уәдесіне берік.

Менің уәдем...

Бүгін мен Құдайдан жаман ойларым,
 сөздерім және істерім үшін кешірім
 сұрағанымда, Ол мені кешірді.
 Иса енді үнемі менімен тығыз
 байланыста болады.
 Мен Құдайға ұнамды адам
 болғым келеді.
 Мен Құдайды және басқа адамдарды
 қатты сүйетін болам.
 Менің аты – жөнім: _____
 Күні: _____



Written by Vernie Schorr

KAZAKH

©1990 The JESUS Film Project

Reprinted by Foursquare Missions Press with permission.

Bible Verses in this book worded for ease of understanding.

Pictures in this booklet used by permission of The JESUS Film Project and taken from "JESUS," a 2-hour film on the life of Christ. For more information on "The Story of Jesus for Children" video or additional material, contact: The Story of Jesus for Children, 910 Calle Negocio, Ste. 160, San Clemente, CA 92673, USA, 1-800-432-1997, www.jesusforchildren.org